

# МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Кәсіпорында жаңа басшы

1



Встреча первого руководителя с коллективом

4-5



Кәсіпорын қызметін цифрландыру басты назарда

6



Лучший работник года

8-9



Өртке қарсы жаттығу

12

## «МАЭК» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



19 қаңтарда Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев кәсіпорын ұжымына «МАЭК» ЖШС Бас директорын таныстырды. Кәсіпорынның жаңа басшысы Қайрат Рахимов 2022 жылдан бастап «Электр энергиясы және қуат нарығының қазақстандық операторы» АҚ Басқарма төрағасы қызметін атқарған.

Қайрат Рахимов әр жылдары Қарағанды мемлекеттік

техникалық университетін «Инженер-электрик» мамандығы бойынша, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Құқықтану» және Сеул ұлттық университетін «Инженерия магистрі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2006 жылы «Қарағанды-Жарық» ЖШС-де электромонтер болып бастаған. 2007 жылдан 2015 жылға дейін Табиғи монополияларды реттеу агенттігінде және ҚР Энергетика министрлігінде сарапшы, бас сарапшы, басқарма бастығы лауазымдарын атқарды.

2015-2018 жылдары ҚР Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары қызметінде болды. 2018-2020 жылдары - ҚР Энергетика министрлігі Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры, ал 2020 жылы ҚР Энергетика министрлігінің вице-министрі қызметіне тағайындалды.

Өңір басшысы жаңа басшының іс тәжірибесі оған кәсіпорын алдында тұрған барлық міндеттерді еңсеруге мүмкіндік беретініне сенім білдіріп, энергия комбинатының жұмысына қатысты бірқатар нақты тапсырмалар берді.

## НАЗНАЧЕН ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР ТОО «МАЭК»

19 января, аким Мангистауской области Нурлан Ногаев представил коллективу предприятия Генерального директора ТОО «МАЭК». Новым руководителем предприятия стал Кайрат Рахимов, с 2022 года занимавший должность Председателя правления АО «Казахстанский оператор рынка электроэнергетики и мощности».

Кайрат Рахимов в разные годы окончил Карагандинский государственный технический университет по специальности «Инженер-электрик», Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза по специальности «Юриспруденция» и Сеульский Национальный университет, специальность «Магистр инженерии».


Трудовой путь он начал в 2006 году электромонтером в ТОО «Караганда-Жарык». С 2007 по 2015 годы занимал должности

эксперта, главного эксперта, начальника управления в Агентстве по регулированию естественных монополий и в Министерстве энергетики РК.

С 2015 по 2018 годы проработал заместителем директора Департамента электроэнергетики и угольной промышленности Министерства энергетики РК. С 2018 по 2020 годы - директор Департамента развития электроэнергетики Министерства энергетики РК. В 2020 году был назначен на должность вице-министра Министерства энергетики РК.

Глава региона выразил уверенность, что опыт нового руководителя позволит ему преодолеть все вызовы, стоящие перед предприятием, и дал ряд конкретных поручений, касающихся работы энергокомбината.

## ЖЭО-1 ЖӘНЕ ЖЭО-2 СУ ТАРТУ АРНАЛАРЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУДЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢДІК ЖОБАСЫ ҰСЫНЫЛДЫ



Маңғыстауда үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге бағытталған ЖЭО-1 және ЖЭО-2 су тарту арналарының инфрақұрылымын дамытудың екі кезеңдік жобасы ұсынылды.

Маңғыстаудың негізгі инфрақұрылымдық объектілері - ЖЭО-1 және ЖЭО-2 су жинау арналарының жұмысына Каспий теңізінің таяздануына байланысты қауіп төнуі мүмкін. Су тарту арналарының инфрақұрылымын дамыту өңірді сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Бұл инфрақұрылымды жаңғыртудағы және өңірдің энергетикалық тұрақтылығын арттырудағы маңызды қадам. Жобаның барысы аймақ басшысы Нұрлан Ноғаевтың қатысуымен өткен жиында айтылды.

ЖЭО-1-дің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін екі сатылы жоба ұсынылады. Бірінші кезең ЖЭО-1 объектісінде Каспий теңізінен реконструкцияланатын теңіз сорғы станциясына дейінгі ұзындығы 1,4 км су құбырын салуды қамтиды.

Жобаның екінші кезеңінде Ақтау халықаралық теңіз портының солтүстік шекарасы ауданында су тарту арнасын салу көзделіп отыр. Бұл кезең ЖЭО-1 су қабылдау каналын теңізде 700 метрге ұзартуды қамтиды.

Сондай-ақ, бұл мәселені шешу үшін

«МАЭК» ЖШС арна түбін шөгінділерден тазарту жұмыстарын жүзеге асыруда. Жер снарядтың көмегімен 550 метр тазартылды, ал қалған 50 метр канал мен 100 метр аванкамера өңдеу процесінде. Сонымен қатар, экскаватор ені 1,5 метр және тереңдігі 3 метр болатын 120 метрлік траншеяны тазартты.

Бұған қоса, Каспий теңізінің деңгейі төмендеген кезде теңіз суының тұрақты берілуін қамтамасыз ету үшін ЖЭО-2 су алу каналының өткізу қабілетін арттыру бойынша жобалар әзірленуде. Қазіргі уақытта бұл арнадағы су деңгейі 1,5-4 метрді құрайды.

Жобалармен танысып, зерделегеннен кейін Нұрлан Ноғаев ЖЭО-1 және ЖЭО-2 жұмыстарын оңтайландыру үшін бірқатар тапсырмалар берді.

- Біздің басты мақсатымыз - МАЭК-тың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Біз аймақ тұрғындарының суға, электр энергиясына және жылуға әрқашан сенімді қол жеткізуін қамтамасыз етуге тырысамыз. Осы мақсатқа жету үшін біз кешенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Дегенмен, жобаларды әзірлеу процесін жеделдету қажет. ЖЭО-1 бойынша жобалар жеткіліксіз пысықталған. Мұнда тәжірибелі мамандар қажет. Қажет болған жағдайда мердігердің жауапкершілігі мәселесін қарастырамыз. Ресурстарды тиімді пайдалану және жұмысты сапалы орындау маңызды, - деп атап өтті Нұрлан Ноғаев.





## ДВУХЭТАПНЫЙ ПРОЕКТ РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ ВОДОЗАБОРНЫХ КАНАЛОВ ТЭЦ-1 И ТЭЦ-2

В Актау представили двухэтапный проект развития инфраструктуры водозаборных каналов ТЭЦ-1 и ТЭЦ-2, нацеленный на обеспечение бесперебойного электроснабжения региона.

Ключевые инфраструктурные объекты - водозаборные каналы ТЭЦ-1 и ТЭЦ-2 сталкиваются с вызовами из-за обмеления Каспийского моря. Развитие инфраструктуры водозаборных каналов обеспечит надежное энергоснабжение региона. Это важный шаг в модернизации инфраструктуры и повышении энергетической устойчивости региона. Детали проекта озвучили на аппаратном совещании с участием главы региона Нурлана Ногаева.

Для обеспечения бесперебойной работы ТЭЦ-1 был предложен двухэтапный проект. Первый этап включает в себя строительство водовода протяженностью 1,4 км от Каспийского моря до реконструируемой морской насосной станции на объекте ТЭЦ-1.

На втором этапе проекта предусматривается строительство водозаборного канала в районе северной границы международного морского порта Актау. Этот этап включает в себя удлинение водозаборного канала ТЭЦ-1 на 700 метров в море.

Также, для решения этой проблемы, ТОО «МАЭК» активно осуществляет очистку канала от донных отложений. С помощью земснаряда уже

очищено 550 метров, а оставшиеся 50 метров канала и 100 метров аванкамеры находятся в процессе обработки. Кроме того, экскаватором выполнена очистка 120 метров траншеи шириной 1,5 метра и глубиной 3 метра.

В дополнение к этому, для поддержания стабильной подачи морской воды при снижении уровня Каспийского моря разрабатываются проекты по увеличению пропускной способности водозаборного канала ТЭЦ-2. В настоящее время уровень воды в этом канале составляет 1,5-4 метра.

Ознакомившись с проектами, Нурлан Ногаев, дал ряд поручений для оптимизации работ на ТЭЦ-1 и ТЭЦ-2 после изучения проектов.

- Наша главная цель - обеспечить бесперебойную работу МАЭКа. Мы стремимся к тому, чтобы жители региона всегда имели надежный доступ к воде, электроэнергии и теплу. Чтобы достичь этой цели, мы ведем комплексную работу. Однако процесс разработки проектов необходимо ускорить. Проекты по ТЭЦ-1 выглядят недостаточно проработанными. Здесь требуются опытные специалисты. В случае необходимости будем рассматривать вопрос ответственности подрядчика. Важно эффективно использовать ресурсы и выполнять работу качественно, - подчеркнул Нурлан Ногаев.



## КӘСІПОРЫН БАСШЫСЫ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ



23 қаңтарда комбинат басшылығы «ҮНТҮМАҚ» бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшелерімен кездесті. Кездесуге «ҮНТҮМАҚ» Кәсіпкерлік қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» РҚБ төрағасы Төлеген Шайымов қатысты. 24 қаңтарда осындай кездесу «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» Жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Мұрат Избаев бастаған кәсіподақ мүшелерімен болып өтті. Кездесу барысында жұмыскерлердің әлеуметтік мәселелері және еңбек құқығы тұрғысындағы бірқатар мәселелер талқыланды.

Ендігі жерде бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеу және тағайындау ең алдымен, ішкі кадрлық ресурстардан қарастырылып, комбинатта еңбек ететін, кәсіпорын жұмысының ерекшелігін білетін, конкурстық іріктеуден өткен қызметкерлерден алынатын болады. Бұл жөнінде МАЭК қызметкерлерімен кездесу барысында энергокомбинаттың Бас директоры Қайрат Рахымов атап өтті. Жақын арада кәсіпорында бос лауазымдарға жұмысқа орналастыруға кандидаттарды іріктеуді жүзеге асыратын тұрақты конкурстық комиссия құрылады.

Сондай-ақ, кездесуде жұмысшылардың біліктілік разрядтарын өсіру мониторингін жүргізу мәселесі көтерілді. Бұл ретте де комбинатта ҚР барлық нормативтік құжаттарына сәйкес келетін, әр қызметкердің білімін, жұмыс тәжірибесін бағалайтын аттестаттау комиссиясын құру қажеттілігі атап өтілді. Оның құрамына сырттан сарапшылар алу және комбинаттың екі кәсіподақ өкілдерін енгізу ұсынылды. Кәсіпорын басшысы разрядтардың тағайындалу ретіне тексеру жүргізу туралы тапсырма берді.

– Егер қызметкер білім алуға және тиісті біліктілікті алуға дайын болса, онда ол тиісті дәрежедегі разрядын алуы керек. Сондықтан осы бағыттағы барлық жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіліп, қызметкерлерге біліктілік разрядтары берілетін болады, – деді Қайрат Болатұлы.

Кездесуде бөлімшелердің жұмысшыларына еңбек демалысын беру тәртібі туралы мәселе де қозғалды. Кәсіпорын бойынша демалыс кестесі жасақталған кезде өндірістің барлық шарттары ескеріліп, ҚР еңбек заңнамалары толықтай сақталуы тиіс және жұмыскердің тікелей басшысымен келісе отырып жасалуы қажет.

Сонымен қатар, жиналыс барысында мамандар сабақтастығы, арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды. «МАЭК» ЖШС Бас директоры Қайрат Рахымов тиісті департаменттер мен қызметтерге кездесуде көтерілген мәселелер бойынша бірқатар тапсырмалар берді және осындай форматтағы кездесулер тұрақты негізде өткізіліп тұратынын атап өтті.

Айта кету керек, бүгінгі таңда Бас директордың «Кадр мәселелері бойынша конкурстық комиссия құру туралы» бұйрығы шығарылды, оның төрағасы Бас директордың корпоративтік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып табылады. Комиссия құрамында «МАЭК» ЖШС-гі екі кәсіподақтың төрағалары да бар.





## ВСТРЕЧА ПЕРВОГО РУКОВОДИТЕЛЯ С КОЛЛЕКТИВОМ



23 января состоялась встреча руководства комбината с членами Первичной профсоюзной организации «ҮНТҮМАҚ», в которой принял также участие председатель РОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников предпринимательства «ҮНТҮМАҚ» Тулеген Шаимов. Аналогичная встреча прошла 24 января с профсоюзным активом ОО «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром» и их председателем Муратом Избаевым. На встречах рассматривались вопросы социально-трудовых прав.

Теперь вопросы отбора кандидатов и назначений на вакантные должности будут решаться, в первую очередь, из собственного кадрового ресурса – работников, выросших в стенах комбината, знающих специфику работы предприятия, но, прежде, прошедших конкурсный отбор. Это, во время встречи с работниками МАЭК, отметил Генеральный директор энергокомбината Кайрат Рахимов. В ближайшее время на предприятии будет создана постоянная конкурсная комиссия, которая и будет осуществлять отбор кандидатов на занятие вакантных должностей.

Поднимался также вопрос мониторинга увеличения квалификационных разрядов рабочих.

И здесь было отмечено о необходимости создания на комбинате соответствующей всем нормативным документам РК аттестационной комиссии, оценивающей знания, опыт работы каждого сотрудника. Было предложено о введении в ее состав также экспертов извне и представителей обоих профсоюзов комбината. Глава предприятия дал задание о проведении ревизии разрядов.

– Если человек готов обучаться и получать знания, соответствующую квалификацию, значит, он должен получать соответствующий разряд. Все работы в этом направлении будут вестись поэтапно. Должные квалификационные разряды работникам будут присвоены, – отметил Кайрат Болатович.

Затронут был и вопрос о порядке предоставления отпусков рабочим подразделений. Для создания графиков отпусков по всему предприятию должны учитываться все условия производства с сохранением трудового законодательства РК и согласованием с непосредственным руководителем.

В ходе собрания были обсуждены также вопросы преемственности, обеспечения СИЗами. Генеральный директор ТОО «МАЭК» Кайрат Рахимов дал ряд поручений всем соответствующим департаментам и службам по их выполнению и отметил, что встречи подобного формата будут проводиться на регулярной основе.

Стоит отметить, что на сегодняшний день издан Приказ Генерального директора «О создании конкурсной комиссии по кадровым вопросам», Председателем которой является заместитель Генерального директора по корпоративным и социальным вопросам. В состав комиссии также вошли Председатели обоих профсоюзов ТОО «МАЭК».



## КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА



«МАЭК» ЖШС Басқарма төрағасы – Бас директоры Қайрат Рахымов кәсіпорынның орталық диспетчерлік қызметіне барып, желтоқсан айында іске қосылған заманауи бағдарламалық экранмен жабдықталған жедел-диспетчерлік басқару жүйесінің жұмысымен танысты.

Орталық диспетчерлік қызметтің бас диспетчері Денис Хворов кәсіпорынның электр станцияларының режимдерін тәулік бойы бақылауда және энергия беруші ұйымдар арасында ақпарат алмасуда жаңа жүйенің артықшылықтары туралы айтып берді.

Өз кезегінде Бас директор кәсіпорында өңірді жылумен, сумен және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуде цифрландыруды одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті.

Атап айтқанда, жедел шешімдер қабылдау мақсатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында комбинат жұмысының бизнес-процестерін цифрландыруға назар аудару қажет. Бұдан басқа, МАЭК-тің электр және жылу энергиясын өндіру жөніндегі барлық процестерін энергетиканың цифрлық платформасына интеграциялау мәселелері пысықталуға тиіс.

## ЦИФРОВИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

Председатель Правления – Генеральный директор ТОО «МАЭК» Кайрат Рахимов посетил Центральную диспетчерскую службу предприятия и ознакомился с работой запущенной в декабре системой оперативно-диспетчерского управления, оснащенной современным программным экраном.

Главный диспетчер Центральной диспетчерской службы Денис Хворов рассказал о преимуществах новой системы в круглосуточном контроле режимов электростанций предприятия и обмене информацией между энергопередающими организациями.

В свою очередь, Генеральный директор отметил о необходимости дальнейшего развития цифровизации на предприятии в обеспечении тепло-, водо- и электроснабжения региона.

В частности, необходимо сконцентрировать внимание на оцифровке бизнес процессов работы комбината на балансирующем рынке электроэнергии с целью принятия оперативных решений. Кроме того, должны быть проработаны вопросы интеграции всех процессов МАЭК по выработке электрической и тепловой энергии в Цифровую платформу энергетики.





## ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯСЫНДА

Кәсіпорынды жаңғырту жұмыстары аясында ЖЭО-1-де әрқайсысы 2000 м3 болатын екі ыстық су бак-аккумуляторы орнатылуда. Бұл өндіріс өнімділігін арттыру үшін қажет әрі маңызды іс-шаралардың бірі. Цистерналар жылу желісін ең аз тұтыну кезеңінде (түнгі уақытта) су жинауға арналған.

Ыстық суға арналған жаңа бак-аккумуляторларын орнату су қолданысы жоғары болған кезде су қысымын реттеуге, сол арқылы Ақтау қаласының тұтынушыларын жылумен және ыстық сумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бірінші бак-аккумуляторының монтажі аяқталып (№3), коррозияға қарсы қорғаныс жабынын жағу, бояу және жылу оқшаулағыштарын жүргізу жұмыстары аяқталды. Осындай жұмыстар ағымдағы жылдың II тоқсанында бак-аккумулятордың екінші резервуарының (№4) құрылысы аяқталғаннан кейін де жүргізілетін болады.

Ыстық суға арналған жаңа бак-аккумуляторларды пайдалануға беру 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарлануда.

Сондай-ақ, «МАЭК» ЖШС-дегі ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ге теңіз суын тазарту үшін айналмалы торлар жеткізілді. Оларды ЖЭО-2-гі теңіз сорғысына орнату жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Осындай жұмыстарды ЖЭО-1-де жүргізу де жоспарлануда. Теңіз сорғыларының айналмалы су өткізбейтін торлары жеткізу құбырларын, бекіту арматурасын, сорғы жабдықтарын, жылу алмастырғыштарды, турбина конденсаторларын және дистиллят тұщыту қондырғысын

(ДТҚ) теңіз суы бетіндегі түрлі қалқыған заттардан, мұз кесектерінен, балдырлардан сенімді қорғап, өндіріс жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, ДӨЖӨЖСЖЗ-ға терең тазартылған дистиллятты айдау үшін ДТҚ-11-де сорғы агрегаттары орнатылды. Бұл қазандық турбиналық агрегаттарда бу, жылу және электр энергиясын өндіру процесінде негізгі станцияларды тазартылған дистиллятпен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Барлық жұмыстар «МАЭК» ЖШС-ін жаңғырту шаралары үшін республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жүргізілуде.



## РАБОТЫ В РАМКАХ МОДЕРНИЗАЦИИ

Одним из необходимых и значимых мероприятий, которые сегодня ведутся на предприятии, можно назвать установку двух новых баков-аккумуляторов горячей воды на ТЭЦ-1 (БАГВ), объем которых составляет по 2000 м3 каждый. Баки предназначены для накопления подпиточной воды теплосети в период минимального ее потребления (в ночные часы).

Установка новых баков-аккумуляторов горячей воды позволит регулировать напор воды в момент максимальной нагрузки, тем самым обеспечить надежность снабжения теплом и горячей водой потребителей г.Актау.

В настоящее время закончен монтаж первого БАГВ (№ 3), все работы по нанесению антикоррозионного защитного покрытия, покраске и наложению тепловой изоляции закончены. Аналогичные работы будут проведены и со вторым резервуаром БАГВ (№ 4) по окончании его строительства во II квартале текущего года.

Ввод в эксплуатацию новых БАГВ планируется в первом полугодии 2024 года.

Также на ТОО «МАЭК» осуществлена поставка вращающихся сеток для очистки морской воды на ТЭЦ-1 и ТЭЦ-2. Монтаж их на морской насосной ТЭЦ-2 завершен. В настоящее время они введены в эксплуатацию. Подобные работы планируется провести и на ТЭЦ-1. Вращающиеся сороудерживающие сетки

морских насосных являются надежной защитой подающих трубопроводов, запорной арматуры, насосного оборудования, теплообменных аппаратов, конденсаторов турбин и ДОО от различных плавающих предметов, шуги, водорослей и являются стабилизирующим элементом производства.

Произведена также установка насосных агрегатов на ДОО-11 для откачки дистиллята глубокой очистки на ЗПДиПТВС, что сравнительно разрешает вопрос надежного снабжения основных станций очищенным дистиллятом в процессе выработки пара, тепла и электроэнергии на котлотурбинных агрегатах.

Все работы проводятся за счет средств, выделенных из республиканского бюджета в рамках модернизации ТОО «МАЭК».



## ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРІ



Кәсіпорында әр жылдың қорытындысымен берілетін «Жылдың үздік қызметкері» атағының төрт түрлі номинациясы бойынша жеңімпаздар белгілі болды.

Ұжымдағы жүздеген еңбеккерлер арасынан тандалатын «төрттіктің» бірі болып, үздік атану үлкен абырой, биік бағалау.

«**Кәсібилік және шеберлік**» номинациясына еңбектегі өндірістік жетістіктері үшін Технология және Байланыс қызметінің Технологиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді жүргізу бөлімінің 6-разрядты дәнекерлеуші-кабельшісі **Ғалымжан Бисембайұлы Нұрлаев** ие болды. Ол осы бөлімшеде 2005 жылдан бері еңбек етеді. Бүгінде біліктілігі 6 санатқа көтерілген Ғалымжан Бисембайұлы кабельдік байланыс желілеріне қызмет көрсету және жөндеу, монтаждау жұмыстарын атқарады. Ұжымдастары оны өте еңбекқор, қызметіне адал, өз мамандығын терең меңгерген тәжірибелі маман ретінде біледі.

«**Тәжірибе және тәлімгерлік**» номинациясында БН-350 РҚ 7-разрядты слесарь-жөндеушісі әрі Технологиялық жабдықтарды жөндеу бригадасының бригадирі **Николай Николаевич Боков** «Жылдың үздік қызметкері» наградасына лайық деп табылды. Оның комбинатта еңбек еткеніне биыл 25 жыл толды. Бүгінде ол жас мамандарға тәлімгерлік етіп жүрген бөлімшедегі жоғары санатты, білікті мамандардың бірі. Николай Боков 2 дәрежелі «Қазақстан Республикасы атом саласының еңбек сіңірген қызметкері», 3 дәрежелі «Атом саласына еңбек сіңірген қызметкер», «МАЭК құрылғанына 50 жыл» төс белгілерінің иегері.

«Мен Николайдың жұмысына өте жоғары баға беремін. БН-350 РҚ кәсіпорындағы ең ерекше, маңызды бөлімшелердің бірі. Мұнда тек білімді, өз мамандығын жауапкершілікпен атқаратын тәжірибелі мамандар

қызмет етуі қажет. Ал Николай Николаевич сондай бағалы жұмыскерлеріміздің бірі», - дейді ол туралы Пайдалану және жөндеу бөлімінің басшысы Радион Ягудин.

«**Үміт пен болашақ**» номинациясы бойынша Жылдың үздік қызметкері атанған Жөндеу зауытының №5 цехының Электр станциялардың электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі **Аят Молдабайұлы Мұхамедов** жас болса да болашағынан үлкен үміт күттіретін мамандардың бірі. Аяттың кәсіпорында қызмет ете бастағанына бар болғаны үш жыл болғанмен ол өзін білімге, білуге құмар, атқарған жұмысына тиянақты, талапты жас екенін көрсетті. Ол кез-келген өндірістік тапсырмаларды сапалы әрі мерзімінде орындап, басшылықтың да алғысына бөленіп жүр. Аян ұжымдағы жастарға еңбекқорлығымен, жаңашылдығымен, адамгершілігімен де үлгі.

«**Тиімділік және нәтиже**» номинациясында ЖЭО-1 Есептеулер және режимдер жөніндегі инженері **Айгүл Жолдығалиқызы Суханова** Жылдың үздік қызметкері атанды. Ол Алматы Энергетикалық институтының Электр энергетикасы факультетін тәмамдаған кәсіби маман. Айгүл алғашқы еңбек жолын Алматы қаласындағы №2 Жылу электр орталығында инженер-технолог қызметінен бастаған. Ал 2010 жылы «МАЭК» ЖШС-нің ЖЭО-1 бөлімшесіне Электр станциясы бас қалқанын басқару электр монтері болып жұмысқа қабылданды. Көп ұзамай осы Жылу электр орталығының Есептеу және режимдер жөніндегі инженер лауазымына ауысты. Айгүлдің осы жауапты қызметті атқарып жүргеніне он жылдай уақыт болды. Жұмысын жауапкершілікпен атқаратын Айгүлдің қызмет орны да үлгілі жасақталуымен ерекшеленіп «Үздік жұмыс орны» атанған.

«Мындаған ұжымдастарымның арасынан жыл үздігі атану мен үшін үлкен абырой. Енді осы маған артылған сенімге сай қызмет етіп, еңбегімді еселей түсуге тырысамын. Мені қолдап, үздіктер қатарына қосқан басшыларға, әріптестеріме алғысым шексіз, - дейді Айгүл Суханова.





## ЛУЧШИЙ РАБОТНИК ГОДА



Ежегодно на комбинате проводится конкурс «Лучший работник года», по итогам которого четырем отличившимся особым вкладом в производственный процесс работникам, присваиваются одноименные звания.

В номинации **«Профессионализм и мастерство»** за трудовые производственные достижения награды был удостоен кабельщик-спайщик 6 разряда отдела технологического программного обеспечения Службы технологий и связи **Галымжан Нурлаев**. На комбинате он трудится с 2005 года.

Галымжан Бисембаевич выполняет работы по обслуживанию, ремонту и монтажу кабельных линий связи. За 19 лет работы на предприятии повысил свою квалификацию с 3-го до 6-го разряда.

Коллеги отзываются о нем, как о квалифицированном, трудолюбивом, ответственном и преданном своей деятельности специалисте.

**Николай Боков**, слесарь-ремонтник БН-350 7 разряда и бригадир по ремонту технологического оборудования стал лучшим в номинации **«Опыт и наставничество»**. Уже четверть века Николай Николаевич трудится на производственной передовой. Это один из высококвалифицированных специалистов, поддерживающий и передающий свои знания и опыт молодым специалистам. Николай Боков обладатель нагрудных знаков «Заслуженный работник атомной отрасли РК» 2 и 3 степеней, юбилейной медали «50 лет со дня образования МАЭК».

«Я очень высоко ценю работу Николая. БН-350 является одним из самых уникальных и важных

подразделений на предприятии. Здесь должны работать только образованные, опытные и ответственные за свою профессию специалисты, Николай Николаевич – один из наших ценных работников», – говорит о нем руководитель отдела эксплуатации и ремонта Радион Ягудин.

Название номинации **«Надежда и будущее»** говорит само за себя. Возраст кандидатов, представленных здесь не превышает 25 лет. Лучшим в этой номинации был признан **Аят Мухамедов**, электрослесарь по ремонту электрооборудования электростанций цеха №5 РЗ.

Несмотря на свой молодой возраст, Аят отличился от своих сверстников работоспособностью и умением ориентироваться в производственных вопросах. Пользуется авторитетом в коллективе и заслуженным уважением руководства завода. Выполняет все производственные задания качественно и в установленные сроки. Своим трудолюбием и новаторством Аян подает пример молодежи комбината.

В номинации **«Эффективность и результат»** лучшим работником 2023 года стала инженер по расчетам и режимам ТЭЦ-1 **Айгуль Суханова**. Айгуль окончила факультет электроэнергетики Алматинского энергетического института. Свою трудовую деятельность она начала инженером-технологом на ТЭЦ №2 города Алматы. В 2010 году была принята на работу электромонтером главного щита-управления электростанции ТЭЦ-1 ТОО «МАЭК». Вскоре перешла на должность инженера по расчетам и режимам ТЭЦ-1. Прошло почти десять лет с тех пор, как Айгуль занимает эту ответственную должность.

«Для меня большая честь получить эту награду за оценку моего труда. Очень благодарна руководителям и коллегам, которые поддержали меня», – говорит Айгуль Суханова.



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСУ

24 қаңтарда өңірдің кәсіпорындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша кездесулер және МАЭК-те сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау шаралары аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бірінші орынбасары Біржан Хайруллиннің қатысуымен кеңес өткізілді.

Кәсіпорынның Басқарма Төрағасы – Бас директоры өз сөзінде қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын атап өтті, өйткені сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстану корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін

болдырмау және олардың алдын алу шаралары талқыланды. Өңірлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкілі Біржан Хайруллин Маңғыстау облысында және жалпы республикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы әңгімеледі.

Комбинат басшылығы тұрақты негізде өткізіліп тұруы қажет осындай кездесулердің маңыздылығын атап өтті.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген фактілері және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын өзге де бұзушылықтар бойынша кәсіпорын қызметкерлері МАЭК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің сенім телефонына хабарласа алады +7 7292 564 266.



## РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА С ПРЕДСТАВИТЕЛЕМ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБЫ

В рамках встреч по формированию антикоррупционной культуры на предприятиях региона и результатах работы по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков на МАЭК было проведено рабочее совещание с участием Первого заместителя Департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Мангистауской области Биржана Хайруллина.

В приветственной речи Председатель Правления – Генеральный директор предприятия подчеркнул важность проведения разъяснительной работы среди сотрудников, т.к. вопрос соблюдения антикоррупционной политики является неотъемлемой частью корпоративной культуры.

В ходе встречи были обсуждены вопросы предотвращения

коррупционных рисков и мер по их предупреждению. Представитель региональной антикоррупционной службы Биржан Хайруллин рассказал о проводимой работе по борьбе с коррупцией и ее профилактики в Мангистауской области и республике в целом.

Руководство комбината подчеркнуло важность проведения таких встреч, которые необходимо проводить на постоянной основе.

По любым фактам коррупции и иным нарушениям требований законодательства Республики Казахстан в сфере противодействия коррупции сотрудники предприятия могут обращаться в антикоррупционную комплаенс-службу МАЭК на горячую линию +7 7292 564 266.





## САНИТАРЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ JAҒДАЙЛАР: КОМИССИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қызметкерлердің қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселесіндегі маңызды аспектілердің бірі олардың санитарлық-тұрмыстық жағдайларын жасау болып табылады. «МАЭК» ЖШС-де Бас директордың корпоративтік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұхит Балқожаевтың төрағалығымен бөлімшелердегі санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың жағдайларын тексеру жөніндегі комиссия құрылды.

Бір ай бойы комиссия мүшелері негізгі бөлімшелер бойынша рейдтер жүргізіп, ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭС, Жөндеу зауыты, ДӨЖӨЖСЖЗ және Автокөлік басқармасының санитарлық-тұрмыстық үй-жайларының жай-күйімен танысты. Комиссияға «МАЭК-Қазатомэнеркәсіп» жергілікті кәсіподағының және «ҰНТУМАҚ» кәсіподағының өкілдері, Еңбек қорғау және қауіпсіздігі, профилактикасы, Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының, Әкімшілік-әлеуметтік қамсыздандыру қызметінің, Медициналық қызметтің және Жөндеу-құрылыс жұмыстары басқармасының мамандары кірді.

Комиссия тексеру барысында үй-жайлардың санитарлық-гигиеналық жағдайына, сантехниканың жарамдылығына, сумен жабдықтау және жылу жүйелерінің жұмысына,



желдеткіштер мен жарықтандыру жағдайларына назар аударды.

Жүргізілген тексеру қорытындысы нәтижесінде ЖЭО-2 АБК-2, №132 ҚТЦ, КЖЦ-5 модулі ғимараттарындағы Жөндеу зауыты қызметкерлері пайдаланатын үй-жайлар төбелерінің қаптамасын, қабырғалар мен едендерінің қаптамасын, сондай-ақ душ кабиналарының металл-пластик қалқаларын жөндеу қажеттілігі белгілі болды. Киім ауыстыратын бөлмелердегі тот басып ескірген шкафтарды ауыстырып, Автокөлік басқармасының кәріз иісі шығып тұрған диспетчерлер бөлмесіне желдету жүйесін орнату керек екендігі анықталды.

Бөлімшелерді тексерудің нәтижесінде, жөндеу жұмыстарын бірінші кезекте қажет ететін үй-жайлар мен жуынатын бөлмелер жыл бойында жөндеуге алынатын болды.

Комиссия өз қызметін жалғастырып, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстарды одан әрі жүргізетін болады.

– Біз өз қызметкерлерімізге қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасауға мүдделіміз, өйткені бұл біздің ұжымның тұрақты жұмысының әрі өндірістік жетістіктерінің кепілі, - дейді Бас директордың корпоративтік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұхит Балқожаев.



## САНИТАРНО-БЫТОВЫЕ УСЛОВИЯ: ИТОГИ КОМИССИИ

Одним из важных аспектов в вопросе создания благоприятных условий труда для работников является их санитарно-бытовое обеспечение. На ТОО «МАЭК» была создана комиссия под председательством заместителя Генерального директора по корпоративным и социальным вопросам Мухита Балқожаева по проверке условий санитарно-бытовых помещений в подразделениях.

На протяжении месяца члены комиссии проводили рейды по основным подразделениям и ознакомились с состоянием санитарно-бытовых помещений ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, ТЭС, РЗ, ЗПДиПТВС и УАТ. В комиссию вошли представители Локального профсоюза «МАЭК-Казатомпром» и профсоюза «УНТУМАҚ», специалисты Службы профилактики, безопасности и охраны труда, Управления промышленной безопасности, Службы административно-социального обеспечения, Медицинской службы и Управления ремонтно-строительных работ.

При обходе уделялось внимание санитарно-гигиеническому состоянию помещений, исправности сантехники, работе систем водоснабжения и отопления,

вентиляции и освещению.

По итогам проведенной проверки комиссия установила, что в помещениях работников РЗ в зданиях АБК-2, №132 ҚТЦ, модуль ЦКР-5 ТЭЦ-2 необходим ремонт потолочной обшивки, облицовки стен и полов, а также металлопластиковых перегородок душевых кабин. В раздевалках были выявлены ржавые гардеробные шкафы, которые необходимо заменить. В диспетчерской УАТ требуется установка вентиляционной системы (имеется запах канализации).

На основании проверки самые нуждающиеся душевые и помещения подразделений будут отремонтированы в течение года.

Комиссия продолжит свою деятельность и будет работать над улучшением условий труда работников.

– Мы заинтересованы в создании безопасных и комфортных условий труда нашим работникам, т.к. это залог стабильной работы нашего коллектива, благоприятного микроклимата, – говорит заместитель Генерального директора по корпоративным и социальным вопросам Мухит Балқожаев.

## ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЖАТТЫҒУ

Биылғы жылдың өртке қарсы алғашқы жаттығуы БН-350 РҚ аумағында өткізілді. Жаттығудың сценарийі бойынша, №150 А ғимараттың үй-жайларының бірінде электр жабдығынан өрт шыққан. Өрт шалған аумақтың көлемі 50 м<sup>2</sup>.

Өртті алғашқы болып байқаған қызметкер ол туралы өртке қарсы қызметке (МЕӨҚК) және БН-350 РҚ басшыларына шұғыл хабарлайды да, қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге кіріседі. Басқа қызметкерлер де оған көмекке келеді. Жауапты басшылар өрт сөндірушілер келгенше ғимарат ішіндегі барлық құрылғы, қондырғы, коммуникацияны т.б. жедел қауіпсіз жұмыс режиміне көшіріп, қызметкерлерді

арнайы эвакуация жолымен ғимараттан шығарады.

Жаттығу барысында төтенше жағдай орын алған кездегі қызметкерлердің бастапқы өрт сөндіру құралдарын қолдануы және өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың өрт сөндіру қызметтерімен бірлескен іс-қимылы пысықталды. Бұл шараға Медициналық қызметтің фельдшерлері де қатысып, түтінге уланған, күйік шалған адамдарға шұғыл көмек көрсетті.

Өртке қарсы тактикалық жаттығудың қорытындысы бойынша барлық жоспарланған мақсаттар орындалып, тиісті қызметтердің алдына қойылған міндеттер ойдағыдай жүзеге асырылды.



## ПРОТИВОПОЖАРНАЯ ТРЕНИРОВКА

Первые противопожарные учения текущего года проведены на территории РУ БН-350. Условный пожар произошел в одном из помещений здания №150А от возгорания электрооборудования, площадь которого составила 50 м<sup>2</sup>.

Согласно сценария учений, сотрудник, первым заметивший пожар, незамедлительно сообщает о сложившейся ситуации в противопожарную службу (НГПС) и руководителям РУ БН-350. Далее приступает к тушению пожара, имеющимися средствами пожаротушения. На помощь ему приходят другие сотрудники. Ответственные руководители переводят устройства, установки, коммуникации в оперативный безопасный режим работы до прибытия пожарных, и

эвакуируют сотрудников из здания.

В ходе учений отработано применение работниками первичных средств пожаротушения при возникновении чрезвычайной ситуации и совместные действия ответственных за пожарную безопасность лиц со службами пожаротушения. В мероприятии также приняли участие фельдшеры Медицинской службы, оказавшие экстренную помощь людям с отравлением дымом и ожогами.

По итогам учений были выполнены все запланированные цели, успешно реализованы задачи, поставленные перед соответствующими службами, учебные ситуации отработаны.